| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың тақырыбы: | Қ.Бекхожин. "Ақсақ Темір мен ақын" балладасы. (1 - сағаты.) | | | |
| Сілтеме: | 1.Оқулық.Әдебиет. 7-сынып. Р.Құтқожина. Қ.Бітібаева. Е.Арын.<br>2."Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы" С.Жолдасбаев.<br>3."Әдебиет теориясы" З.Қабдолов. | | | |
| Оқып - үйренудің негізгі мақсаттары: | 1.Қ.Бекхожиннің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру.<br>2.Ақсақ Темірдің тарихи тұлға екенін түсіну.<br>3.Баллада мен өлеңді ажырата білуге үйрену. | | | |
| Негізгі идея: | "Үлкен ақылдылықтың өзіндік белгісі - аз сөзбен көп нәрсені айта алуы, ал келте ақылға, керісінше, көп сөйлеп, бірақ ешнәрсе айта алмаушылық тән."<br>Ф.Ларошфуко. | | | |
| Оқып - үйренудің нәтижелері: | 1.Қ.Бекхожиннің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат алады.<br>2.Ақсақ Темірдің тарихи тұлға екенін түсінеді.<br>3.Баллада мен өлеңді ажырата білуге үйренеді. | | | |
| Сабақтың барысы: | Уақыты | Әдіс - тәсілдер | Мұғалімнің іс - әрекеті: | Оқушының іс-әрекеті: |
| Ұйымдастыру кезеңі: | 1 мин. | | 1.Сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру. | |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 5 мин. | "Серпілген сауал" әдісі | 2.Өткен тоқсанда өтілген тақырыптарды сұрақ қою техникасын қолдана отырып, қайталап шолу жасап шығу.<br><br>- Өткен тоқсанда қандай ақын-жазушылардың шығармаларымен таныстыңыздар?<br>- Қай шығарма сізге ерекше ұнады?<br>- Табиғат сұлулығын суреттеген қандай шығарманы білесіз?<br>- Адам тұтқыны болған түз тағысы туралы әңгіме атауы...<br>- Ананың балаға, адамзатқа деген ұлы махаббаты сурет- телген шығарма жайында әңгімелеңіз?<br><br>**Бағалау** мадақтау түрінде жүреді. | Оқушылар ашық сұрақтар арқылы өтілген тақырыптарға шолу жасап, қайталап шығады. |
| | 2 мин. | Топқа бөлу | 3. Сынып оқушыларын ұлы тұлғалардың есімдері мен тарихи қалалардың атаулар арқылы топқа бөлу.<br>I - топ. Ұлы ақындар.<br>II - топ. Қолбасшылар<br>III- топ. Тарихи қалалалар.<br>IV- топ. Жер-су атауы. | Балладаға қатысты атаулармен оқушылар топтасады. |
| | 2 мин | АКТ-ны | 4.Интербелсенді тақта арқылы "Ақсақ Темір" фильмінен үзінді | Оқушылар ашық |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>қолдану.</td><td>көрсету арқылы ашық сұрақтар беру.<br><br>- Фильмнен нені байқадыңыздар?<br>- Қай кезеңдегі жаугершілік жорықтар бейнеленген?<br>- Фильмдегі басты кейіпкер кім деп ойлайсыздар?<br>- Ол тұлға жайында қандай ақпарттарыңыз бар?</td><td>сұрақтар арқылы жаңа сабақтың тақырыбын айқындайды.</td></tr>
<tr><td></td><td>15 мин</td><td>"Өкіл" әдісі.</td><td>5. а) Алдымен оқушылармен бірлесе отырып, бағалау критерийлерін анықтау. Парақты әр топқа беру.<br><br>
<table>
<tr><th>№</th><th>Критерийлер</th><th>Бағалауы</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Тақырып мазмұнының ашылуы</td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Негізгі ойдың жүйелі жеткізілуі</td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Тұжырымды қорытындылау</td><td></td></tr>
</table>
<br>ә) Оқушылар балладаның мазмұнымен топ ішінде танысу. Сонан кейін белгілі уақыт ішінде әр топтан өкіл келесі топқа барып ақпараттар алып, өз тобына қайтып келу.<br>Алынған ақпараттарын жинақтай отырып, постерге түсіру.<br><br>Бағалау. Критерийлер бойынша өзара топтардың арасында бағалау жүреді</td><td>Оқушылар әңгімені талдап болған соң, постерге түсіреді де баяндамашы таныстырады.</td></tr>
<tr><td></td><td>5 мин</td><td>Топтық жұмыс</td><td>6.Әр топқа түрлі тақырыпта жазбаша орындау үшін тапсырмалар беру.<br><br>I - топ. Балладаның анықтамасын жазу.<br>II - топ. Ақсақ Темір, оның жорықтары жайында жазу.<br>III - топ. Венн диаграммасы арқылы Ақсақ Темір мен ақынға мінездеме беру.<br>IV - топ. Мәтін бойынша сөздікмен жұмыс жүргізу.<br><br>Бағалаудың 5 стратегиясы бойынша оқушылар өзін-өзі бағалау.</td><td>Балладаға қатысты оқулықпен жұмыс жасайды.</td></tr>
<tr><td>Сергіту сәті</td><td>1 мин</td><td></td><td>7. Оқушылар көңілді әуенге сергіту жаттығуын жасау.</td><td>Оқушылар қимылмен бой жазады.</td></tr>
<tr><td>Блум таксономиясы</td><td>10 мин</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td>9. Оқушыларға жеке орындауға Блум таксономиясын парақшаларға жазып беру.<br>
<table>
<tr><th>Ойлау деңгейі</th><th>Сұрақтар</th><th>Оқушының жауабы</th></tr>
<tr><td>Білу</td><td>Ақсақ Темір кім?</td><td></td></tr>
<tr><td>Түсіну</td><td>Азияның барысы Ақсақ Темір ме, мүсәпір Хафиз ақын ба?</td><td></td></tr>
<tr><td>Қолдану</td><td>Ақсақ Темірдің сойқанды жорық-тарын, қатал Әмірші екендігін суреттеп жазыңыз.</td><td></td></tr>
<tr><td>Талдау</td><td>Хафиз ақын мен Ақсақ Темірдің іс-әрекетін салыстырыңыз.</td><td></td></tr>
<tr><td>Жинақтау</td><td>Темірді тізе бүктіріп, рақымшыл-дыққа алып келген не?</td><td></td></tr>
<tr><td>Бағалау</td><td>Синквейн. Қалаған кейіпкеріңізге бес жолды өлең жазыңыз.</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Жеке жұмыс ретінде әр оқушы өзі орындайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Кері байланыс:</td>
<td>3 мин</td>
<td></td>
<td>10. "Таным ағашы." Сабақ соңында кері байланыс жүргізу.<br><br>- Мен үшін жаңа білім...<br>- Мен үшін қиын болды...<br>- Мені ойландырды...</td>
<td>Өтілген сабаққа қатысты оқушылар кері байланыс жүргізеді.</td>
</tr>
<tr>
<td>Үйге тапсырма:</td>
<td>1 мин</td>
<td></td>
<td>11.Балладаның мазмұны. Ұлы тұлғалар мен тарихи қалалар туралы ақпараттар жинап келу.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

а